

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТИ  
ЭКОНОМИКА ЖӘНЕ БИЗНЕС ЖОҒАРЫ МЕКТЕБІ



**«ИНКЛЮЗИВТІ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУ:  
БАҒЫТТАРЫ, БАСЫМДЫҚТАРЫ,  
ҚОЗҒАУШЫ КҮШТЕРІ»**  
халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция  
**МАТЕРИАЛДАРЫ**

Алматы, Қазақстан, 23-24 қараша 2017 ж.



**МАТЕРИАЛЫ**  
международной научно-практической конференции  
**«ИНКЛЮЗИВНОЕ ЭКОНОМИЧЕСКОЕ РАЗВИТИЕ:  
НАПРАВЛЕНИЯ, ПРИОРИТЕТЫ, ДРАЙВЕРЫ»**

Алматы, Казахстан, 23-24 ноября 2017 г.



**PROCEEDINGS**  
International Scientific and Practical Conference  
**«INCLUSIVE ECONOMIC DEVELOPMENT:  
DIRECTIONS, PRIORITIES, DRIVERS»**

Almaty, Kazakhstan, 23-24 November 2017



ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ  
ЭКОНОМИКА ЖӘНЕ БИЗНЕС ЖОҒАРЫ МЕКТЕБІ

---



**«ИНКЛЮЗИВТІ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУ:  
БАҒЫТТАРЫ, БАСЫМДЫҚТАРЫ, ҚОЗҒАУШЫ КҮШТЕРІ»**  
халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция  
МАТЕРИАЛДАРЫ

*Алматы, Қазақстан, 23-24 қараша 2017 ж.*

МАТЕРИАЛЫ  
международной научно-практической конференции  
**«ИНКЛЮЗИВНОЕ ЭКОНОМИЧЕСКОЕ РАЗВИТИЕ:  
НАПРАВЛЕНИЯ, ПРИОРИТЕТЫ, ДРАЙВЕРЫ»**

*Алматы, Казахстан, 23-24 ноября 2017 г.*

PROCEEDINGS  
International Scientific and Practical Conference  
**«INCLUSIVE ECONOMIC DEVELOPMENT:  
DIRECTIONS, PRIORITIES, DRIVERS»**

*Almaty, Kazakhstan, 23-24 November 2017*

Алматы  
«Қазақ университеті»  
2017



Однако следует отметить, что нововведения имеют все меньшее отношение к инвестированию огромных сумм в НИОКР. Приоритетными должны стать, как считают зарубежные специалисты, небольшие постепенные усовершенствования, которые сохраняют актуальность продукта, добавляют к нему ценность и защищают чистую прибыль компании, так как идеи новых товаров приходят от покупателей, а не из лабораторий.

Таким образом, международный маркетинг становится необходимым инструментом освоения внешних рынков как для отдельных фирм и организаций, налаживающих свою деятельность на зарубежных рынках, так и для формирующихся казахстанских ТНК – финансово-промышленных групп. Именно эти группы могут стать той реальной силой, способной противостоять и побеждать в борьбе с ведущими ТНК на мировом рынке.

Международный маркетинг становится для них не только необходимым рабочим инструментом освоения внешнего рынка, но и средством роста, стратегией будущих успехов. Международный маркетинг для казахстанских предприятий должен стать средством и методом использования возможностей современной международной глобализирующейся экономики, основанной на открывающихся товарных рынках капитала, развивающихся финансовых рынках и др. для получения прибыли, повышения конкурентоспособности, завоевания благоприятного положения на мировом рынке.

#### Список использованных источников

1. Ансофф И. Стратегическое управление // Экономика, 1989. – С. 185.
2. Емец, А.В. Сравнительный анализ методов оценки эффективности маркетинговых мероприятий // Молодой ученый. – 2013. – №2. – С.120-124
3. Ованесян Н.М., Полончук Ю.В. Проблемы современного маркетинга в экономике России: теория и практика // Издательский центр ДГТУ. – 2013. – С.373

## ЭКОНОМИКАНЫҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ БАҒЫТТА ДАМУЫНА ТІКЕЛЕЙ ШЕТЕЛДІК ИНВЕСТИЦИЯЛАРДЫҢ РӨЛІ

**Рахматуллаева Д.Ж.,**

*әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, «Экономика» кафедрасының, доцент м.а., PhD,*

**Боранбаева А.К.,**

*әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, «Инновациялық менеджмент» мамандығының докторанты,  
Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы*

**Аннотация.** Бұл мақалада Қазақстан Республикасында инновациялық дамуының негізгі мәселелеріне талдау жасалынған. Инновациялық белсенділік елдің дамуының негізгі себептерінің бірі болып табылады. Тікелей шетел инвестициясының Қазақстан экономикасының инновациялық бағытта дамуына әсері қарастырылған. Жаһандық инновациялық индекстердің және инвестициялар арасындағы байланысы талданып, еліміздің инновациялық дамуындағы кемшіліктері мен артықшылықтары көрсетілген.

**Түйін сөздер:** Қазақстан, тікелей шетел инвестициясы, инновациялық даму, инновациялық әлеует, экономиканың инновациялық әлеуетін көрсететін көрсеткіштер.

Қазақстан экономикасын дамытуда шетелдік капиталдың рөлін талдау ұсынылған. Қазақстан экономикасының инновациялық әлеуетін сипаттайтын көрсеткіштер, олардың тікелей шетелдік инвестициялардың ағынына әсер етуі бағаланады. Соңғы жылдардағы жағымды үрдістерге қарамастан, тікелей шетел инвестициясының көп тартылуына қарамастан еліміздің инновациялық бағытта дамытуда әлі де жеткіліксіз екендігі байқалады.

Қазіргі таңда нарықтық экономикада бәсекелестікті арттыру жолдарының бірі елдің инновациялық әлеуетін жақсарту болып саналады.

Инновация ұғымына қысқаша сипаттама берер болсақ, инновация жалпы ғылым, технология, кәсіпорын және басқаруды үрдістерін біріктіретін ерекше қасиеттері мен заңдылықтары бар бірыңғай жүйе ретінде қарауға болады. Инновацияларды енгізудің негізгі себебі – бәсекелестік қабілеттілікті арттыру мақсатында нарыққа сұраныс тудырушы жаңа өнімдерді енгізумен байланысты. Бұл үдерістерді төрт фаза ретінде жіктеуге болады: пайда болуы, дамуы, таралуы, жетілдірілуі. Ғылыми-техникалық идеяның туу кезеңі екі қасиетпен ерекшеленеді: жаңа сипатта көрсетілуі және өнімге немесе технологияға нарықта тұрақты сұраныстың болуы. Мұндай жағдайларда инновациялық үдерісті басқаруға білікті және шығармашылық көзқарастың болуы ауадай қажет. Сондай-ақ инновациялық үдерістерді басқару әдістері мен экономикалық нысандары мемлекеттің ықпал етуімен де анықталады.

Мемлекеттегі басқарудың кез-келген үлгісі бірқатар негізгі мақсаттарға бағынады: инновациялық қызметті ынталандыру, ғылыми-техникалық әлеуетті дамыту, мемлекеттік экономикалық қауіпсіздік және ең бастысы азаматтардың әл-ауқатын жақсарту үшін экономикалық және әлеуметтік жағдай




жасау. Осы мақсаттарды іске асыруға ықпал ететін факторлардың бірі - макро және микро деңгейде инвестициялық және инновациялық қызметті жүзеге асыру. Сондықтан да, экономиканың құрылымын өзгерту - шикізат құрамдас бөлігін жоғары технологиялық өнімдерді өндіруге көшіру қазіргі кезеңдегі негізгі ұлттық міндеттердің бірі [1 6-11б.]

Инновациялық экономикаға көшу көбінесе көптеген факторларға байланысты, олардың бастысы - жинақталған интеллектуалды әлеует, тиісті заңнамалық және нормативтік база және инвестициялық ресурстардың болуы. ДЗМҰ бас директоры Фрэнсис Гарри мырза айтқандай: «Инновацияларға инвестициялар ұзақ мерзімді экономикалық өсу қарқынын арттырудың маңызды шарты болып табылады», «Қазіргі экономикалық ахуалда жаңа өсу көздерін жұмылдыру және жаһандық инновациялармен ашылған мүмкіндіктерді пайдалану барлық мүдделі тараптардың басымдығы болып табылады» [2].


Бір жағынан, инновациялық қызмет инвестицияларсыз жүзеге асырыла алмайды, сондай-ақ, инвестициялардың жоғары сапалы деңгейін қамтамасыз ететін де инновациялар. Осылайша, «инновация-инвестиция» - бір-бірімен байланысты және өзара тәуелді жүйе деп айтуға болады. Қазақстан экономикасының инновациялық дамуының негізгі көздерінің бірі экономиканы әртараптандырумен қатар, шетелдік капиталдың тартылуы болып табылады. ТШИ артықшылығы, олар экономиканың тұрақты өсуіне мүмкіндік береді, бұл отандық экономиканың технологиялық жаңалықтарын ғана емес, сондай-ақ жаңа білім мен инновациялық басқару технологияларын енгізумен қатар жүреді. Сондықтан, ел экономикасын инновациялық бағытта дамытудың инновациялық бағытын қалыптастыру үшін шетелдік тікелей инвестициялар тарту саясатын қалыптастыру проблемалары аса өзекті болып отыр. Шетелдік инвестицияларды макроөңірлік деңгейде де, өңірлік деңгейде де тартудың ерекшеліктерін зерттеуге бағытталған көптеген жұмыстарға қарамастан, инновациялық дамудың инвестициялық әсерінің тиімділігін арттыру міндеті өзекті болып қала береді.

Біздің еліміз шикізатқа бай мемлекеттердің бірі де бірегейі болғандықтан елге тартылған шетел инвестициясының қарқыны нашар деп айта алмаймыз.


қаз. кәсіпорындар  
капиталына  
инвесторлардың үлесі



қайта  
инвестицияланған  
табыстар



қаз. кәсіпорындарының  
инвесторлар алдындағы  
міндеттемелері



1-сурет – ҚР инвестициялар ағынының қозғалысы. [3]

Сыртқы көздерден 2016 жылы ақша ағынының ұлғаюы бір жағынан қазақстандық кәсіпорындардың капиталына шетелдік инвесторлардың қатысуын ұлғайтты, және екінші жағынан қайта инвестицияланған кірісті ұлғайтты. Атап айтқанда, жыл ішінде инвесторлардың ҚР тікелей инвестициялары кәсіпорындарының капиталына қатысуы 5,1 млрд. АҚШ долларға артып, 2015 жылы 3,8 млрд. АҚШ долларына (+ 35%) артты.

Қайта инвестицияланған кірістің сомасы, т.с. қазақстандық кәсіпорындардың бөлінбеген пайдасындағы тікелей шетелдік инвесторлардың үлесі 2016 жылы шамамен 5 млрд. АҚШ долларға жетті - 2015 жылы инвесторлар \$ 272 млн шығынға жетті. Қазақстандық кәсіпорындардың өздері тікелей шетелдік инвесторларға қарыздарын 2016 жылы ұлғайтпады - осындай міндеттемелердің көлемі 10,6 млрд. долларға бағаланды, бұл өткен жылмен салыстырғанда 5% -ға аз.

2015-2016 жылдарға арналған Қазақстанға тікелей инвестициялар бойынша көшбасшылар Нидерланды, АҚШ, Швейцария және Франция болып табылады.

2016 жылдың қорытындысы бойынша тікелей шетелдік инвесторлардан Қазақстанға тікелей инвестициялардың жалпы ағыны негізінен кен өндіру өнеркәсібі мен карьерлерді жөндеу (34,3%), кәсібі, ғылыми-техникалық қызметті (23,6%) және өңдеу өнеркәсібін (18,4%), қалған шаруашылық қызметінің бөлігі 23,7% -ды құрайды.

Жалпы шетелдік тікелей инвестициялардың ел экономикасының инновациялық даму бағыттарына үлесін зерттер болсақ, әлемдік тәжірибеде мемлекеттің инновациялық әлеуетін макро деңгейде бағалау үшін индекстер мен халықаралық рейтингтер қолданылады. 80-ге тарта көрсеткіштер негізінде шықталатын жаһандық инновациялар индексі экономикалық дамудың әртүрлі деңгейлеріндегі әлем елдерінің инновациялық дамуын көрсетеді. Бұл белгілі елдегі инновацияларды дамыту және енгізу



жөніндегі тиімділігін объективті бағалауға мүмкіндік береді. Ғаламдық инновациялық индексті анықтайтын индекстерге: жаһандық бәсекеге қабілеттілік индексі (Global Competitiveness Index, GCI); Білім экономикасының индексі (Knowledge Economy Index, KEI); инновациялар индексі (The Innovation System); адам дамуы индексі (Human Development Index, HDI). [4,12-20 б.]

Қазақстандық индустрияны ТШИ арқылы жылдам трансформациялау үшін шетел капиталын мүмкіндігінше теңдестірілген экономикалық өсімге ыңғайластырып жылдам пайдалану қажет. Қазақстанға ТШИ ағындарының динамикасын және Қазақстан экономикасының инновациялық әлеуетін сипаттайтын көрсеткіштер динамикасын қарастырсақ (кесте 1).

**1-кесте** – ТШИ ағының динамикасы және Қазақстан экономикасының инновациялық әлеуетінің көрсеткіштері 2012-2016 жж.[5]

Жылдар	ТШИ ағыны, млрд. долл	Жаһандық инновация индексі	Жаһандық бәсекеге қабілеттілік индексі	Білім экономика индексі	Адами даму индексі
2012	28,9	31,6	4,38	5,04	0,755
2013	24,1	32,7	4,41	-	0,755
2014	23,7	32,75	4,4	-	0,757
2015	14,8	40,98	4,48	-	0,788
2016	20,6	31,51	4,4	-	0,788

1-ші кестеден байқағанымыздай Қазақстан экономикасын қаржыландыруға инвесторлардың үлесі артып келеді - үш жылдық қысқарудан кейін 2016 жылы шетелдік тікелей инвестициялардың ағыны өсті. Өткен жылы Қазақстан Республикасындағы ТШИ-ның жалпы ағыны 2016ж. 20,6 млрд. АҚШ долларын құрады, яғни 2015 жылмен салыстырғанда 40% -ға немесе шамамен 6 млрд. АҚШ долларға артты. Осылайша, былтыр тікелей шетелдік инвестициялардың индикатордың 2013-2015 жылдары экономикаға дағдарыстық құбылыстар әсерінен әлсіреген шетелдік инвесторлардың Қазақстанға деген қызығушылығын қайтару мүмкіндігі қайта пайда бола бастады.

2005 жылдан 2016 жылға дейінгі кезеңде Қазақстанға шамамен 243 млрд. АҚШ доллары көлемінде тікелей шетелдік инвестициялар тартылды. Бұл қолайлы инвестициялық ахуалдың арқасында мүмкін болды. Инвесторлар үшін мемлекеттік қолдау шараларына инвестициялық және салықтық преференциялар, нақтырақ көрсетсек, кедендік баждарды төлеуден босату, мемлекеттік заттай гранттар, инвесторлар үшін «бір терезе» қағидасы, инвестициялық басым жобаларға салықтық преференциялар, және инвестициялық гранттар енгізілді.

Жаһандық инновациялық индексті зерттеуде 128 мемлекет, әлем халқының 92,8% және әлемдік ЖІӨ-нің 97,9% қамтылған. Бұл рейтингтік елдерге келесі маңызды сұрақтарға жауап алуға мүмкіндік береді: Кім инновациялық дамудың көшбасшысы болды? Аутсайдер кім? Біз қай орындамыз және сәйкесінше қандай шаралар жасалынды? Инновациялық дамудың жаһандық үрдістері қандай? 2016 жылы Қазақстан 128 елдің ішінен 31,51 ұпаймен 75-ші орында тұр. Біз Филиппин (74-орын) мен Доминикан Республикасы (76-орын) арасында тұрдық. Төртінші жыл қатарынан ең жоғары көрсеткіш - Швейцария - 66,28 (1 орын) алуда. Өткен жылдан бастап біздің еліміз рейтингте 7 баллға көтерілді (2015 жылы - 141 елдің ішіндегі 82 орын).

**2-кесте** – 2016 ж. жаһандық инновациялық индексті анықтауда Қазақстанның күшті және әлсіз тұстарын көрсеткен көрсеткіштер [6].

Қазақстанның күшті жақтары ретінде есепте келесі көрсеткіштер анықталған:	Қазақстанның кемшіліктері ретінде есепте келесі көрсеткіштер анықталады:
<ul style="list-style-type: none"> <li>- Орта мектептегі мұғалімге оқушылар санының қатынасы - 15;</li> <li>- жалпы капиталды қалыптастыру - 16-орын;</li> <li>- еңбекке қабілетті халықтың жан басына шаққандағы ЖІӨ-нің өсу қарқыны - 16-шы;</li> <li>- салықтарды жеңілдету - 17 орын;</li> <li>- бизнесті ашуға жеңілдік - 21 орын;</li> <li>- қызметкерлердің қысқартылған шығындары - 21 орын;</li> <li>- электронды қатысу - 22 орын;</li> <li>- мемлекеттік онлайн-қызметтер - 23 орын;</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>- МЖӘ бойынша ЖІӨ-ге арналған ғылыми-техникалық мақалалар - 121 орын;</li> <li>- инновациялық қызмет субъектілері арасында байланыс - 114 орын;</li> <li>- 15-69 жас аралығындағы халықтың жоғары деңгейлі жалпы домендерінің саны- 113;</li> <li>- АКТ қызметтерін жалпы саудаға экспорттау - 112 орын;</li> <li>- Жан басына басына шаққандағы ЖІӨ бойынша энергия тұтыну бірлігіне - 109-орын;</li> <li>- білім беру шығыстары, ЖІӨ - 102 орын;</li> <li>- ЖІӨ-ге өндірістік үлгілер - 94 орын;</li> </ul>



- миноритарлық инвесторларды қорғау жеңілдігі - 25 орын;  
- іскерлік орта - 27 орын;  
- МЖӨ бойынша ІЖӨ патенттері - 28 орын.

- зияткерлік меншікті сатудан түскен түсім, жалпы сауданың үлесі - 92 орын;  
- шетелден қаржыландырылатын ҒЗТК бойынша жалпы шығыс - 91 орын;  
- венчурлық капиталмен операциялар - 85 орын

Жоғарыдағы себептерге байланысты инновацияға әсер етуші факторлардың бірі ретінде шетелдік тікелей инвестициялардың орны мен рөлін анықтау маңызды. Қазіргі жағдайда қазақстандық нарыққа техникалық және технологиялық және басқарушылық инновацияларды енгізуге қабілетті шетелдік инвесторлардың келуі қазақстандық экономиканы инновациялық бағытта жаңғыртуға ықпал ете алады.

Қазақстан Республикасының инновациялық дамуы экономиканың нақты секторына инвестицияларды қажет етеді. Қазіргі уақытта машина жасау, жеңіл өнеркәсіп және басқалары сияқты көптеген өндірістік салалар ерекше қиын жағдайға тап болуда. Көптеген еліміздегі кәсіпорындардың өнімдері бәсекеге қабілеттілігі төмен болып табылады және негізінен ішкі нарыққа бағытталған. Өндірістік процестерде кәсіпорындарда ескірген негізгі құралдар, ескірген технологиялар мен жабдықтар пайдаланылады.

Кәсіпорындарда менеджменттің әлсіздігі, қызметкерлердің төмен біліктілігі. Мұндай жағдайда әрбір шаруашылық субъектісі белгілі бір өндірістің және кәсіпорынның нақты ерекшеліктерін, Қазақстандағы ағымдағы нарықтық жағдайды және оның даму үрдісін ескеретін тиімді бәсекелестік құралдарын ұсыну үшін нарық жағдайын дұрыс бағалауы тиіс. Қазіргі жағдай үлкен капитал қорларын инвестициялауды талап етеді. Мемлекет қазірдің өзінде жеткілікті қаржы ресурстарына ие емес, ел экономикасының алдағы жылдары мемлекеттік инвестициялар немесе қазақстандық шаруашылық субъектілерінің инвестициялары негізінде ғана динамикалық дамуы мүмкін емес. Осыған байланысты шетелдік капиталды тарту мемлекеттің басымдықтарының бірі болып табылады. Қазақстан экономикасын инновациялық бағытта одан әрі дамуын ынталандыру үшін ТШИ мүмкіндіктерін барынша пайдалануды және оларды тарту үдерісінің тиімділігін арттыру қажет. Бұл басқа мемлекеттермен инвестиция тарту бәсекелестігіне төтеп беру үшін ел экономикасының ауқымды жаңғыртылуын және экономикалық өсудің ауқымды түрінен басым қарқынды, инновациялық түрге көшу арқылы оның инвестициялық және инновациялық әлеуетін арттыру қажеттілігін көрсетеді.

#### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Г.М. Мутанов, Р.К.Сағиева, А.С. Жупарова. Инновационный Казахстан: монография //Алматы: Қазақ Университеті, 2015.- 6-11 б.
2. Глобальный инновационный индекс 2017 г.[Электронды ресурс]. – Қол жетімділік режимі:<http://www.wipo.int>(үндеу датасы 15.06.2017 ж.).
3. Foreign investment in Kazakhstan's economy[Электронды ресурс]. – Қол жетімділік режимі:<http://Ranking.kz> (үндеу датасы 08.09.2016 ж.)
4. Бодрикова О.А., Камина А. Н., Удалов О. Ф. Влияние иностранных инвестиций на инновационное развитие экономики России // Креативная экономика. – 2014. – Том 8. – № 9. 12-20бет.
5. Индекс глобальной конкурентоспособности [Электронды ресурс]. – Қол жетімділік режимі:<http://gtmarket.ru/ratings/global-competitiveness-index/info>. (үндеу датасы 02.08.2017ж.)
6. Глобальный индекс инноваций 2016: Какое место занял Казахстан в этом году? [Электронды ресурс]. – Қол жетімділік режимі:<http://uvision.kz> (үндеу датасы 02.09.2016 ж.)

## ИННОВАЦИЯНЫ ДАМУЫ – ЕЛ ЭКОНОМИКАСЫНЫҢ СЕРПІНДІ ДАМУЫНЫҢ НЕГІЗІ

**Ашимова Р.М.,**

*Сорбонна-Қазақстан Институт деканының ғылыми жұмысы жөніндегі орынбасары, (PhD) доктор,*

**Маткаримова Л.К.,**

*Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің, «Экономика» мамандығының докторанты,  
Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы.*

**Андатпа.** Мақалада Қазақстанның қазіргі жағдайында ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін инновациялық қызметті дамыту мен қолдаудың өзектілігі мен қажеттілігі қарастырады. Дүниежүзілік экономикалық форумның Жаһандық бәсекеге қабілеттілік туралы есебіне сәйкес Қазақстан инновациялық қызметінің дәрежесіне талдау жүргізілді.

**Түйін сөздер:** Инновациялық кәсіпкерлік, дағдарыс, экономика, нарық, өндіріс, технология

XXI ғасырдың басында Қазақстан Республикасының экономикасы тұрақсыз динамикамен сипатталады. Және қазіргі дейін экономиканың дамуының жаңа сапалық деңгейіне және оның инновациялық сипатына көшуді, оның бәсекеге қабілеттілігін жоғарылатуды, оң құрылымдық өзгерістерді қамтамасыз етуге мүмкіндік бермейтін өндіруші салаларға бағытталған. Әлемдік қаржы-



<b>Спанов М.У., Кусмолдаева Ж.Н.</b> Необходимость инноваций в области здравоохранения в Республике Казахстан .....	125
<b>Тургинбаева А.Н., Сарыбай М.</b> Маркетингтік технологиялардағы инновацияларды басқару .....	128
<b>Тургинбаева А.Н., Ержанова А.</b> Инновационные подходы к формированию логистической системы в инклюзивной экономике .....	132
<b>Тургинбаева А.Н., Молдабаева А.</b> Пенсионная система в инклюзивной экономике .....	137
<b>Зиядин С.Т., Жуманов К.И.</b> Мегаполистер – ұлттық экономиканы басқарудың қозғаушы күші ретінде ...	140
<b>Зиядин С.Т., Блембаева А.Н.</b> Мегаполистердегі туристік жағдайларды жақсартудың шетелдік тәжірибесі .....	144
<b>Цеховой А.Ф., Жаксылыкова А.А.</b> Управление инновационным развитием предприятий малого и среднего бизнеса .....	148
<b>Sabden O., Turdalina Sh. K.</b> Competitiveness of high schools of Kazakhstan as a development driver of the country .....	151
<b>Бимендиева Л.А., Шуренов Н.Б.</b> Тауардың бәсекеге қабілеттілігін анықтау әдістерін талдау .....	155
<b>Кожамкулова Ж.Т., Нурмамбет Т.</b> Стратегия дифференциации как инструмент повышения конкурентоспособности предприятия .....	159
<b>Tazhyieva S.K., Mukasheva T.</b> The role of the human resource strategy in enterprise management and modern trends of development .....	163
<b>Алшынбай А.М., Сопбекова Н.</b> Приоритетные направления современного маркетинга: показатели экономического развития предприятия .....	167
<b>Рахматуллаева Д.Ж., Боранбаева А.К.</b> Экономиканың инновациялық бағытта дамуына тікелей шетелдік инвестициялардың ролі .....	170
<b>Ашимова Р.М., Маткаримова Л.К.</b> Инновацияны дамыту – ел экономикасының серпінді дамуының негізі .....	173
<b>Құрмантаева А.Ж.</b> Тәуекелдерді басқару нәтижесі тұрақтылық кепілдігінің құралы ретінде .....	178
<b>Konysbai A.K.</b> Feature of labour law in an inclusive economy .....	181

## ОСНОВЫ ФОРМИРОВАНИЯ ВЫСОКОТЕХНОЛОГИЧЕСКОГО РАЗВИТИЯ СЕКТОРОВ ЭКОНОМИКИ

<b>Садыханова Г.А., Нургасова Б.Е.</b> Индустриалды саясат ұлттық бәсекеге қабілеттілікті арттыру факторы ретінде .....	186
<b>Sadykhanova G.A., Shaimerdenova A.K.</b> Small and medium-sized businesses innovative activity's role in the Republic of Kazakhstan .....	189
<b>Садыханова Г.А., Сыдық Н.</b> Цифровизация сферы образования в Казахстане .....	192
<b>Мухамедиев Б.М., Хитахунов З.А.</b> Влияние прямых иностранных инвестиций на экономический рост Казахстана .....	194
<b>Аубакирова Ж.Я., Ердеш Э.Б.</b> Развитие интернет-банкинга в Республике Казахстан .....	197
<b>Aubakirova Z.A., Pyassova Z.S.</b> Technological modernization and accelerated conduct of institutional reforms in the Republic of Kazakhstan in modern conditions .....	199
<b>Аубакирова Ж.Я., Бейсенбаева М.Ж.</b> Қазақстан Республикасындағы шетелдік инвестицияларды тартудағы қажеттілік формалары .....	203
<b>Айтбембетова А.Б., Мейрамова Д.С.</b> Адами капиталдың сапасын арттыру мәселелері .....	206
<b>Kondybayeva S.K., Batyr A.B., Syzdykova A.S.</b> Influence of industrial –innovative development on foreign trade in Kazakhstan .....	209
<b>Kondybayeva S.K., Gulden M.</b> Quality assurance of higher education as an innovative challenge of national system of education .....	212
<b>Калдияров Д.А., Балтабаева А.М., Syzdykova S.</b> Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылығындағы энерго және ресурс үнемдеу – Қазақстан Республикасы АӨК жоғары технологиялық дамуының негізі .....	220
<b>Калдияров Д.А., Сыздықбаева А.А.</b> Азық-түліктік қауіпсіздікті қамтамасыз етуді мемлекеттік қолдау және шетелдік тәжірибе .....	225
<b>Калдияров Д.А., Турганбекова Ж.Е.</b> Алматы облысы ауылшаруашылық саласының инвестициялық тартымдылығын талдау .....	228
<b>Калдияров Д.А., Абдыкалиева Ж.Ш.</b> Ауыл шаруашылық кооперативтерін мемлекеттік қолдау-уақыт талабы .....	232
<b>Калдияров А. Д.</b> Автоматизация и сегментация бизнес-модели организации .....	235
<b>Сапаров Е.К.</b> Ұлттық экономиканың модернизациялану жағдайында агроөнеркәсіптік кешенді тұрақты дамытуды анықтайтын факторлар .....	238
<b>Сериков Б., Бакиров Е.А.</b> Диверсификация-основной путь повышения эффективности орошаемых земель .....	240
<b>Тураров Д.Р., Насипова Т.С.</b> Энергетикалық қауіпсіздік жағдайында «жасыл экономиканың» даму динамикасы .....	243
<b>Тураров Д.Р., Олжаш Е.А.</b> Қазақстан Республикасының шағын инновациялық бизнесі экономиканың даму факторы ретінде .....	246
<b>Айтуганова З.Ш., Нурбай А.Е.</b> Қазақстандағы өзін-өзі жұмыспен қамту феномені әлеуметтік-экономикалық дамудың ерекшеліктерінің көрінісі ретінде .....	248